

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 қазандағы N 914 және 2007 жылғы 16 қазандағы N 958 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қаңтардағы N 84 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 924 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.10 № 924 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Су ресурстарын, жануарлар дүниесін сақтау және оңтайлы пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың желісін дамыту жөніндегі 2010 жылға дейінгі бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 қазандағы N 914 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 37, 422-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Су ресурстарын, жануарлар дүниесін сақтау және оңтайлы пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың желісін дамыту жөніндегі 2010 жылға дейінгі бағдарламада:

"Бағдарламаның негізгі бағыттары және іске асыру тетігі" деген 5-бөлімде:

"Қазір жұмыс істеп тұрған ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды кеңейту" деген 5.3.1-кіші бөлімде:

бірінші абзацта "Алматы облысындағы" деген сөздер "Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта "Ақмола облысындағы "Көкшетау" МҰТП кеңейту жөнінде" деген сөздер "Ақмола облысындағы "Бурабай" МҰТП алқаптарын кеңейту жөнінде, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы "Көкшетау" МҰТП алқабын түзету жөнінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру" деген 5.3.2-кіші бөлімде:

бірінші абзацта "Алматы облысында Жоңғар Алатауы (Жетісу) МҰТП," деген сөздерден кейін "Жамбыл облысында "Мерке" МҰТП және "Жайсан" мемлекеттік табиғи қамалын (кешенді)," деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Далалық, сулы-батпақты және су маңындағы экожүйелерді сақтау мақсатында 2010 жылға дейін Атырау облысында "Ақжайық" МТР-ын құру,

Қостанай облысында "Алтын дала" МТР-ын құрудың ЖҒ және ТЭН әзірлеу ұ с ы н ы л ы п о т ы р . " ;

"Су ресурстарын, жануарлар дүниесін сақтау және оңтайлы пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың желісін дамыту жөніндегі 2010 жылға дейінгі бағдарламаның іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

мемлекеттік тілдегі мәтінінде "ҚОҚМ" деген аббревиатура " Қоршағанорттамині" деген қысқарған сөзбен ауыстырылсын;

"Қазір жұмыс істеп тұрған ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды кеңейту" деген 9-кіші бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 9.7-жолмен толықтырылсын:

"

9.7	"Бурабай" МҰТП аумағын кеңейту жөнінде ұсыныс енгізу	Үкіметке ұсыныс	АШМ (жинақтау), Қоршағанорттамині ЖРБА, ПИБ (келісім бойынша)	2009 жылдың 4-тоқсаны	Қажет емес
-----	--	-----------------	--	-----------------------	------------

";

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру" деген 10-кіші бөлімде: реттік нөмірі 10.6-жол алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 10.12, 10.13 және 10.14-жолдармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"

10.12	Астана қаласында республикалық маңызы бар мемлекеттік ботаникалық бақ құру жөнінде ұсыныс енгізу	Үкіметке ұсыныс	БҒМ (жинақтау), АШМ, Астана қ. әкімдігі	2010 жылдың 4-тоқсаны	Қажет емес
10.13	"Мерке" мемлекеттік ұлттық табиғи паркін құру жөнінде ұсыныс енгізу	Үкіметке ұсыныс	АШМ (жинақтау), Қоршағанорттамині ЖРБА	2010 жылдың 4-тоқсаны	Қажет емес
10.14	"Жайсан" мемлекеттік табиғи каумалын (кешенді) құру жөнінде ұсыныс енгізу	Үкіметке ұсыныс	АШМ (жинақтау), Қоршағанорттамині ЖРБА	2010 жылдың 4-тоқсаны	Қажет емес

" ;

ескерту: мынадай мазмұндағы аббревиатурамен толықтырылсын:

"ПИБ - Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы";

2) "2008 - 2010 жылдарға арналған "Жасыл ел" бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 16 қазандағы N 958 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 39, 450-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген "2008 - 2010 жылдарға арналған "Жасыл ел" б а ғ д а р л а м а с ы н д а :

"Бағдарламаны іске асыру тетіктері және негізгі бағыттары" деген 5-бөлімнің

"Елді мекендердің жасыл аймақтарын құру және оларды көгалдандыру" деген

5 . 2 . 4 - к і ш і

б ө л і м д е :

он екінші абзацта "басталды" деген сөз "жоспарланып отыр" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК